

«Бекітемін»
«Дарын» РҒПО директоры
А. Боранбай
«13» 01 2021 жыл

Қазақ тілінен өзге ұлт оқушыларының 5-10 сынып оқушылары арасында «Тіл – мемлекет тәуелсіздігінің нышаны» атты республикалық қашықтық олимпиадасын өткізу ережесі

Жалпы ережелер

1. Осы ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленді. Ереже қазақ тілінен өзге ұлт оқушыларының 5-10 сынып оқушылары арасында «Тіл – мемлекет тәуелсіздігінің нышаны» атты республикалық қашықтық олимпиадасының (бұдан әрі – Олимпиада) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастырушылық – әдістемелік қамтамасыз етілуін, өткізу тәртібін, жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау, қатысу тәртібін анықтайды.

2. Олимпиаданы ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) болып табылады.

3. Олимпиаданың мақсаты – Қазақстан халқын топтастырудың факторы болып саналатын мемлекеттік тілді меңгеру талабын оқушылар арасында іске асыру.

4. Олимпиаданың міндеттері:

- ана тілін қазақ тілі болып саналмайтын дарынды оқушылар арасында қазақ тілін меңгеру бойынша республикалық олимпиада ұйымдастыру;
- жеңімпаздарды анықтап, марапаттау, ынталандыру;
- қазақ тілінің қолданыс аясын арттыруды қамтамасыз ету.

Олимпиадаға қатысушылар

5. Олимпиадаға ерікті түрде тегін республиканың білім беру ұйымдарының 5-10 сынып оқушылары (өзге ұлт өкілдері) қатысады.

6. Тиісті білім беру мекемелері белгілеген жетекшілер Олимпиада кезеңдерін өткізу кезінде қатысушылар үшін толық жауапты болады.

Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

7. Олимпиаданы дайындап өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін республикалық ұйымдастыру комитеті құрылады.

8. Ұйымдастыру комитеті олимпиаданың қашықтық және қорытынды кезеңдерін ұйымдастыру мен өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады, жыл сайын турларды өткізу күнін белгілейді, әдістемелік комиссияның

құрамын, қатысушылардың тізімін бекітеді, олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттайды.

9. Әдістемелік комиссия жалпы және жалпы орта білім беру мазмұнына, пәнді тереңдетіп оқыту деңгейіне негізделген лексика-грамматика, оқу тапсырмаларын қамтитын Олимпиаданың екі турына да (бұдан әрі - Олимпиадалық тапсырмалар) қазақ тілі бойынша тапсырмалар әзірлейді. Ұйымдастыру комитетіне Олимпиаданы ұйымдастыруды жетілдіруге байланысты мәселелер бойынша ұсыныстар енгізеді.

10. Қорытынды турдың олимпиадалық тапсырмалары бөлінеді:

- түркітілдес ұлт оқушыларына арналған тапсырмалар;
- өзге этностардың оқушыларына арналған тапсырмалар.

11. Олимпиада екі турда онлайн тәртібінде өткізіледі:

- 1 тур – қашықтық;
- 2 тур – қорытынды.

Олимпиада «Дарын» РҒПО-ның www.daryn.kz сайтында өткізіледі. Олимпиаданың тапсырмаларын орындау үшін қатысушыға Google Chrome браузерінің ең соңғы нұсқасын пайдалану ұсынылады.

Олимпиадаға қатысушылар бірден тіркеуден өтіп тест тапсырмаларын орындай алады. Тіркелу кезінде көрсетілген деректердің дұрыстығын мұқият тексеру қажет. Тіркеуден кейін – енгізілген мәліметтерді (тегі, қатысушының аты-жөні, облысы, ауданы, мектеп, сынып, ұлтын) өзгерту мүмкін болмайды. Деректерді сақтамас бұрын барлық толтырылған мәліметтерді тексеру қажет.

12. Әр тест тапсырмасына жауаптың төрт нұсқасы беріледі, оның ішінде бір ғана жауап дұрыс болып табылады. Олимпиаданың қорытынды турына алдыңғы кезеңде ең жоғары ұпай жинаған оқушылар қатысады.

Тестілеудің қорытынды нәтижелерін есептеу кезінде дұрыс жауаптар саны "4" (төрт) коэффициентіне көбейтіледі, ал бір дұрыс емес жауап "-1" коэффициентіне көбейтіледі. Осылайша, жалпы қорытынды есептеледі ($4 * \text{дұрыс жауап} + (-) * \text{дұрыс емес жауап} = \text{жалпы қорытынды балл}$).

13. Әр турдың тест тапсырмаларын орындауға 90 минут уақыт беріледі. Олимпиадалық тапсырмаларға мыналар кіреді:

- лексика - грамматикалық бөлім – 60 тапсырма;
- оқу – 50 тапсырма.

Олимпиадалық тест тапсырмалары 5-8 сыныптар мен 9-10 сыныптар үшін әзірленеді.

14. Олимпиаданы ұйымдастырушы қашықтық турдың нәтижелері бойынша қорытынды турға өткен қатысушылардың тізімін анықтайды. Оларды облыстық, Нұр-сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының басқармаларына, республикалық білім беру ұйымдары мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарына жіберіледі.

15. Олимпиаданың қашықтық және қорытынды турлары бойынша апелляция қарастырылмаған.

16. Турларды өткізу кезінде қатысушыларға оқу, анықтамалық материалдарды, смартфондарды, смарт-сағаттарды немесе кез келген басқа гаджеттерді пайдалануға рұқсат етілмейді. Егер қатысушы ұялы телефонмен,

планшетпен, анықтамалық материалдарды қолданса, онда оның жұмысы жойылады. Олимпиада тапсырмаларын ұжымдық түрде орындауға, бөгде адамның көмегін (ата-аналар, мұғалімдер, достар) қолдануға тыйым салынады.

Қорытынды шығару және марапаттау

17. Олимпиаданың қорытынды турында 5-8, 9-10 сынып және екі топ (түркітілдес, өзге этностар) бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады.

18. Қорытынды кезеңнің барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі, жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Дарын» РҒПО-ның I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.